

Әлеуметтік жобалар Платформасына катысуга арналған ҮЕҰ өтінімі

1. Үйым туралы ақпарат

Атауы: «Жүректен жүрекке» қоғамдық қоры

Облыс/елді мекен: Атырау облысы, Атырау қаласы

Накты мекен жайы: Нұрсая 89/16

Байланыс: + 77015508679

E-mail: gulbaram_06.88@mail.ru

Үйымның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеудегі) откен күні мен орны:

Атырау облысы Әділет департаменті 25.02.2015

Үйым жетекшісінің аты-жөні: Ермұханова Гүлбарам Саматқызы

2. Жоба бойынша ақпарат

Жоба атауы: Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Марс» инклузивті шеберханасы

Жоба бағыты: INCLUSIVE-ASAR

Жобаның/идеяның сипаттамасы:

Бүгінгі таңда Атырау облысында тірек қимыл жүйесіне закым келген қоғам өмірінен алшақтап, еңбекке араласа алмайтын жастар көп саналады. Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе де осы – мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту, оларды қоғам өміріне араластыру, өзіндік даму ортасы қалыптастыру. «Жүректен жүрекке» қоғамдық қорының «Марс» инклузивті шеберханасы жобасы - Атырау өніріндегі мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік мәселелерін шешуге (жұмыспен қамтылуына, уақыттарын тиімді пайдалануына, қоғаммен тығыз байланыста болуға) мүмкіндік беретін бірден бір жоба. Осы орайда «Жүректен жүрекке» ҚҚ-ның қала орталығында Атырау қалалық әкімдігі тарапынан қайтарымсыз 10 жыл уақытқа жалға берілген 150 шаршы/м кеңсесі бар. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті-Елбасы Корының грантына ие болғанда сатып алынған 4 тігін машиналары, 5 компьютер және 2 ноутбук құралжабдықтары бар. «Инклузивті шеберханада» тірек-қимыл қозғалыстарына закым келген жастарға түрлі мүмкіндіктер жасалады.

1. «Гипс мұсіндерін» өндірумен айналысадын болады. Бүгінгі таңда көптеген сәбілердің ата-аналарының пікірін ескеретін болсақ, аталған материалдан жасалған ойыншық түрі балалардың дамуына үлкен септігін тигізетін, шығармашылық ой еркіндігін сыйлайтын, ерекше сыйлық түрі ретінде де ұсынуға болатын нарықтағы үлкен сұранысқа ие құралдардың бірі болып отыр.

Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбілік шақтан бастаған дұрыс. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы

жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ұсақ және жалпы моториканы дамыта отырып, біз баланы мұқияттылыққа тәрбиелейміз. Біздің мұсіндерді бояу арқылы балалар қол моторикасының дамуына үлкен өсер алады.

2. Мүмкіндігі шектеулі жастар тігін курсарын оқып, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Жұмыстың негізі ретінде жана туылған сәбілерге арналған киімдер, бесік құрал-жабдықтарын тігу жоспарда бар. Болашакта қазактың ұлттық киімдерін, бұйымдарын, кыз жасауы т.б ұлттық нақыштагы бұйымдар өндіруге ииеттіміз.

3. Мүмкіндігі шектеулі жастар қазіргі таңдағы сұраныска ие жаңа мамандық смм-менеджер қызметінің қыр-сырын үйреніп, түрлі жеке компанияларға бұл қызмет түрін көрсете алады.

4. Қысқа мерзімде мүмкіндігі шектеулі кыз балаларға, жұмыссыз талантты жастарға колөнер үйірмесі ашылады. Қолдан түрлі заттар жасауды үйреніп, болашакта табыс көзі ретінде жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

5. Мүмкіндігі шектеулі жандарға бос уақыттарында ағылшын тілі курсын оқыту да жоспарда бар.

6. Даун, аутизм синдромымен наукас балалар табигатынан қимыл-қозғалысқа қабілетсіз болып келеді. Сол себепті біз осындағы наукас балаларға сурет салғызу арқылы шығармашылық қабілеттерінің дамуына сәл де болса үлес қосқымыз келеді. Ал дайын суреттерді түрлі магнит белгілеріне, кесеге, футболкаға басып шыгару жоспарлануда.

Сонымен қатар, дайын өнімдер сатылатын «Бақыт бұрышы» (Счастливый уголок) дүкені ашылады. Бұл дүкенде мүмкіндігі шектеулі жандардың қолынан шыққан түрлі гипс мұсіндері, тігін өнімдері, қолөнер бұйымдары, сублимациялық бұйымдар сатылатын болады. Болашакта шетелдік компаниялардың арнайы тапсырысымен жасалатын кәдесий бұйымдары сатылымға шығарылады деп күтілуде.

Жобаның мақсаты:

1) «Инклузивті шеберхана» жобасына Атырау қалалық әкімдігі тарапынан берілген Атырау қаласы Ерниязов көшесі, №16 үйдің төменгі кабатына мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнермен айналысуларына қолайлы жөндеу жұмыстарын жүргізу;

2) Гипс мұсіндерін өндіру жолдары мен іс тігу, смм-менеджер, қолөнер бойынша бір айлық даярлау курсарын ұйымдастыру, орнайы оқу орталықтарымен немесе жеке тұлғалармен байланыс орнату, ағылшын тілінен тегін оқу курсарын және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған сурет үйірмесін ұйымдастыру;

3) «Инклузивті шеберхананы» қажетті құралдармен жабдықтау(гипс материалдары, тігін машиналары, компьютер, ноутбуектер.б.);

4) Орталық мамандарына республикалық деңгейдегі мотиваторлар, бизнес-тренерлермен кездесулер ұйымдастыру;

5) Гипс мұсіндерін өндіруде, тігін цехында, смм менеджер, қолөнер қызметтерін жасайтын тірек қимыл жүйесі зақымданған жастар мен

мүмкіндігі шектеулі балалардың күтімімен үйде отырған аналарды және өзге мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту;

6) Тірек қимыл қозғалыс еркіндігі шектеулі жандардың өзі өмір сүріп отырған қоғамнан алыстамай, жұмыс істеп, шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау, өздерін дамытуға деген талпыныстарын арттыру, жан-жақты қолдау көрсету;

7) Мамандардың қолөнер туындыларын нарықта сатылымға орналастыру (интернет ресурстар, әлеуметтік желілер арқылы);

8) «Инклузивті шеберхананың» өзіндік имиджін қалыптастыру;

Шешуге қойылатын мәселе:

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – мүмкіндігі шектеулі жастардың, жұмыссыз жастардың, көп балалы отбасы балаларының, жалғызбасты аналардың бос уакытын тиімді өткізуіне жағдай жасап, жұмыспен қамтамасыз етіліп, енбекке араласуына мүмкіндік туғызу.

Күтілетін нәтиже:

1) Атырау қаласында алғаш рет жүзеге асырылатын жоба «Инклузивті шеберхана» жұмысы жанданады;

2) мүгедектер мен басқа да қолөнершілердің өздері әзірлеген бұйымдарынан көрме үйымдастыруға қажетті тұракты орталық қалыптасады;

3) Гипс мүсіндерін өндіру жолдары мен іс тігу бойынша бір айлық даярлау курстары үйымдастырылады;

4) 25 адам жұмыспен қамтылады (гипс мүсіндерін өндіру, тігін цехы, сімм-менеджер, ағылшын курсы, , қолөнер үйірмесі);

5) Тірек қимыл қозғалыс еркіндігі шектеулі жандардың өзі өмір сүріп отырған қоғамнан алыстамай, жұмыс істеп, шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасалып, өздерін дамытуға деген талпыныстар артады;

6) Мүмкіндігі шектеулі жастарға жан-жақты қолдау көрсетіледі, олардың өмірге деген құштарлығы, қызығушылығы артады;

7) Мүмкіндігі шектеулі жандарың өз кәсіптерімен айналысуларына, қызығушылығы бар қоғамның өзге де мүшелеріне шеберлік сыныптарын үйымдастырулары арқылы өздерін қоғамға пайдалы сезінудеріне мүмкіндік береді;

8) Мүмкіндігі шектеулі басқа адамдарға да жүннен, теріден түрлі бұйымдарды өз қолымен жасауга және шағын көркемсүрет салуды үйренуге жағдай жасалады.

Жобаны жүзеге асыру орны: Атырау қаласы, Ерниязова көшесі 16

Жобаны жүзеге асыру мерзімі: 2019 жыл маусым

Қажетті сома: 2 000 000 тг

Жобаның әлеуметтік инновацияға және жергілікті қоғамдастықтардың дамуына қосатын үлесі: Жылына үздіксіз жиілікпен ұйымдастырылады. Мемлекет тарапынан аталған жобаны жүзеге асыруға берілген шеберхана ғимаратына тиісті жондеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін, «Инклюзивті шеберхана» тәжірибе жинақтау арқылы облыс тұрғындарына өзіндік имиджін қалыптастырады. Бұл ретте, қала аумағындағы окуорталықтарымен бартер қызметі негізінде келісім арқылы аптасына Зреттік жиілікпен мүмкіндігі шектеулі жандардың даярлық курстарынан өтуіне мүмкіндігі болады. Жоба аясында Гипс мұсіндерін өндірумен және тігін жұмыстарымен айналысушы жандар өздерінің қолөнер туындыларын сатылымға шығару арқылы ішкі қаржыландыруға қол жеткізеді. Бұл жобаның үздіксіз жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Жетекшінің аты-жөні және қолы
Тапсыру күні
Мөр орны



Г.С.Ермұханова
21.05.2019